Жылуэнергиясыменжабдықтаужөніндеқызметкөрсетутуралы ШАРТ №120140000979/230005/00

Жетісу облысы №120140000979/230005/00

«Тулпар» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан жарғы негізінде әрекетететін директоры Шабеков Медет Нурбаевич бұйрық , бұдан әрі қарай «Жеткізуші» деп аталып, бір жағынан және «Панфилов ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі»мемлекеттік мекемесі, БИН 120140000979 атынан 22.11.2021 жылғы № 843 Панфилов ауданының әкімінің қаулысы негізінде әрекет ететін басшы Ешенов Дидар Болатұлы, бұдан былай «Тұтынушы» деп аталып, екінші жағынан, бірлесіп Тараптар деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты (арықарай – Шарт) жасасты:

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі – тұтынылған Жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу желісінің теңгерімдік тиесілігінің шекарасы – Жеткізуші мен Тұтынушы арасындағы жылу желісін оның теңгерімдік тиесілілігіне сәйкес бөлу нүктесі (сызығы);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Тұтынушының Жеткізуші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақысы;

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу көздері, жылу желілері және жылуды тұтыну қондырғыларының жиынтығы;

жылу тұтынатын қондырғы – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған қондырғы;

жылу желісі – жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын қондырғылардың және/немесе желілердің теңгерімдік тиесілілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын тараптардың жылу тұтынатын қондырғыларын және/немесе желісін бөлу нүктесі (сызығы), кондаминиум объектісін басқару органының басқаруындағы көппәтерлі тұрғын үйлердегі Тұтынушының және энергия беруші ұйымның немесе энергиямен жабдықтаушы ұйымның арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабы (Элеватор) кірісіндегі ысырмаларының алғашқы бөлу фланеці бойынша айқындалады;

төлем құжаты – Жеткізуші есепке алатын аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен - оның негізінде Тұтынушы тұтынған Жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, шоты);

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тұтынушы – жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті пайдаланатын немесе пайдалануға ниетті жеке тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті;

өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

Жеткізуші – өндірілген және (немесе) сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым.

жылу тасымалдаушы – жылу энергиясын беру үшін жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су, бу);

жылу энергиясы – жылу тасығышпен берілетін энергия, оны тұтыну кезінде жылу тасығыштың термодинамикалық параметрлері (температура, қысым);

Жеткізушінің журналы – Жеткізушінің автоматтандырылған электрондық деректер базасы;

жылу энергиясын есепке алатын аспап – жылу энергиясын, жылу тасымалдағыштың массасын (көлемін) есепке алуды, сондай-ақ оның параметрлерін бақылау мен тіркеуді қамтамасыз ететін аспаптар мен құрылғылар кешені, бұл ретте метрологиялық тексеруден өткен, пломбаланған және энергия беруші және/немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым пайдалануға қабылдаған.

2-тарау. Шарттың мәні

2. Жеткізуші Тұтынушыға қосылған желі арқылы Тараптардың теңгерімдік тиесілілігін шектеу актісімен және пайдалану жауапкершілігімен айқындалатын тараптардың теңгерімдік тиесілілігі мен пайдалану жауапкершілігінің шектеріне дейін жылу энергиясын беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы жылу энергиясын қабылдауға және оны төлеуге міндеттенеді.

3. Жылуэнергиясын беру режимі:

жылытуға_____ ккал/сағат

желдетуге_____ккал/сағат

буға_____ ккал/сағат

ыстық сумен мах. (орташа) қамтамасыз етуге _____, (_____) ккал/сағат

Жылу шығындары_____гкал/сағат

берілген жылу жүктемелерін көздейді.

Жеткізуші жасаған температуралық кестеге сәйкес берілетін кубырлағы жылу

Бұл құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

тасымалдаушының температурасын қамтамасыз етеді.

Тұтынушы теңгерімдік тиесілік және пайдалану жауапкершілігі шекарасында жылу энергиясын төмендегі мөлшерде қабылдайды:

және:

1) жылу тасымалдағыштың мәлімделген жылу жүктемесіне сәйкес:

жылытуға _____ $м^3$/сағат,

желдетуге _____ $м^3$/сағат,

ыстық сумен мах. (орташа) қамтамасыз етуге; _____, (_____) $м^3$/сағат арналған көлемде шығысын;

2) Жеткізуші жасаған температуралық кестеге сәйкес қайтарылатын жылу тасымалдаушының температурасын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы)коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және энергетика саласындағы мемлекеттік стандарттарда немесе өзге де нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ жеткізуші жасаған температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

3) Жылыту кезеңінің басталу және аяқталу күні Панфилов ауданының Әкімдігінің Өкімімен анықталады.

Жеткізуші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

4) Шарттың жалпы соммасы 2 100 000-00 (Екі миллион бір жүз мың) теңге 00 тиын**;**

3-тарау. Қызметтерді ұсыну шарттары

4. Жеткізуші жылу энергиясын босатуды, тараптардың келісімімен өзгеше келісілмеген болса, үздіксіз жүргізеді;

5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен санын Шартта көрсетілгеннен асыруына, бірақ алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан аспайтын, Тұтынушының өтінімі бойынша Жеткізушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Тұтынушы Жеткізушіге Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ Жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген басқа талаптарды сақтауға міндеттенеді;

7. Жеткізуші Тұтынушыға Жылу энергиясы беруді электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган бекіткен Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында және осы Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде:

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну қондырғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі апат кауіпін туғызатын немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін жағдайда, Тұтынушыны міндетті түрде хабардар етіп және толық жеткізілмеген Жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізіп;

2) жылу тұтыну қондырғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алатын аспаптарға олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Жеткізушінің өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

3) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

4) жылу тұтыну қондырғылары жүйелерін есепке алатын аспаптарды орнату орнына дейін қосқан жағдайда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен қосқан жағдайда;

6) тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда;

7) жылу тұтыну қондырғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы актісінсіз жылу желілеріне қосылған және Тұтынушыда тиісті дайындалған персонал және жылу тұтыну қондырғыларының қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жауапты адамды тағайындау немесе осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсетуге шарт болмаған жағдайда;

8) тараптардың келісімдерімен өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген конденсат көлемін 30%-дан кем қайтарған жағдайда тоқтатуға немесе шектеуге.

9) апатты жағдайда.

10) шартта негізделген есептік жылу жүктемелері және энергиямен жабдықтаушы ұйымның келісімінсіз тұтынудың шарттық режимдері асып кеткен жағдайда құқылы;

Жеткізушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы не шектеуі мына жағдайларда Тұтынушыны ескерту арқылы жүргізіледі:

осы тармақтың 4), 5) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда – жедел түрде;

осы тармақтың 1), 2), 3), 6), 7), 8), 10) тармақшаларында көзделген жағдайларда – егер шартта өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыны жазбаша хабардар еткеннен кейін (хабарлама қою жолымен) немесе тұрмыстық қажеттіліктер үшін емес жылу энергиясын пайдаланатын тұтынушыларға жылу энергиясын беруді тоқтатқанға немесе шектеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын тұтынушының электрондық поштасына, факсына хабарлау арқылы.

Бұл ретте, Тұтынушыны жазбаша түрде Тұтынушының өзіне, қолын қойдырып беріледі не Тұтынушыға тапсырыс хатымен жіберіледі, ал осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда Тұтынушы телефонограммамен хабарландырылуы мүмкін.

Тұтынушы шарт жасасу кезінде немесе кейіннен электрондық поштаның мекен-жайын ұсынған жағдайда ескерту Тұтынушының электрондық поштасына жіберіледі.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Көппәтерлі үйлерде тұратын Тұтынушыларға 1), 3), 4), 7) тармақшаларда көзделген жағдайларда жылу энергиясын берудің тоқтатылатыны немесе шектелетіні туралы кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті тұлғасының атына хат, телефонограмма жіберу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жабдықты жөндеу және (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу қажет болған және резервтік қорек болмаған кезде тұтынушыны ажырату тәртібі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес көзделеді.

4-тарау. Жылу энергиясын есепке алу

9. Тұтынушылардың жылу тұтыну қондырғылары жылу энергиясы үшін есеп айырысу үшін есепке алатын аспаптармен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алатын аспаптарды дербес алуға және орнатуға құқылы. Есепке алатын аспаптарды Жеткізуші алған және орнатқан жағдайда Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Заңында көзделген тәртіппен жылу энергиясын есепке алатын аспапты алуға және орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу жеткізгіштің Жылу энергиясын есепке алу тораптарының техникалық жай-күйі нормативтік техникалық құжаттамалардың талаптарына жауап беруі тиіс.

10. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алатын аспаптар пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы немесе кезең-кезеңмен тексерілгені туралы осындай тексеруге құқығы бар ұйымның таңбасы болуы қажет. Есепке алатын аспаптардың көрсеткіштерін алуды энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері тұтынушы өкілдерінің не оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштерді қашықтан алатын есепке алатын аспаптарды орнатқан жағдайда Тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді.

Тұтынушының кінәсынан екі есеп айырысу кезеңі ішінде коммерциялық есепке алатын аспаптардың көрсеткіштерін алу мүмкіндігі болмаған кезде және бұл ретте тұтынушы өзі тұтынған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметті энергия беруші ұйымға ұсынбаса, онда энергиямен жабдықтаушы ұйым өткен жылдың осыған ұқсас кезеңі үшін нақты тұтыну бойынша кейін қайта есеп айырысу жүргізе отырып, Жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша есеп жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсынан есепке алатын аспаптардың көрсеткіштерін алуға мүмкіндіктің болмауы Жеткізушінің журналына тиісті жазбамен расталады.

Есептерлі салыстыру үшін Тұтынушы жылу энергиясын және жылу тасымалдаушыны есепке

Ескерту: «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

алу журналының көшірмесін немесе жылу энергиясын коммерциялық есепке алатын аспаптардың архивтік тәуліктік көрсеткіштерін энергиямен жабдықтаушы ұйымға ұсынады.

11. Есепке алатын аспаптарды кезеңмен тексеруді, жөндеуді және техникалық қамтамасыз етуді осындай қызмет түріне рұқсаты бар мамандандырылған ұйым Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алатын аспаптарды кезеңмен тексеру, жөндеу және техникалық қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өзі таңдауға құқылы.

12. Коммерциялық есепке алатын аспаптарды тексеру өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы төлқұжатта немесе сертификатта көрсетілген мерзімде, сондай-ақ мүдделі тараптардың бірінің өтініші бойынша олардың көрсеткіштерінің дұрыстығына күмәнданған жағдайда аспаптың тексеруаралық интервалына сәйкес жүргізіледі.

Жоспардан тыс тексеру жүргізілген жағдайда, тексеру шығындарын жоспардан тыс тексеру жүргізуді талап еткен тарап көтереді.

Егер жоспардан тыс тексеру барысында коммерциялық есепке алатын аспаптардың көрсеткіштерінде олардың дәлдік сыныбында рұқсат етілген қателердің көп екендігі анықталса, онда кезектен тыс тексеру шығындарын аспаптардың меншік иесі өтейді. Басқа жағдайда, тексеру шығындарын тексеру жүргізуді талап еткен талап өтейді.

13. Жеткізуші жеткізген және Тұтынушы алған жылу энергиясының мөлшері есепке алатын аспаптардың көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұтынушыларда есепке алатын аспап болмаған жағдайда, Жеткізуші жасаған есеп жолымен анықталады.

14. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің бөлу шекарасында жүргізіледі. Есепке алатын аспаптар тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылмаған жағдайда, бөлу шекарасынан есепке алатын аспаптар орнатылған жерге дейінгі желі учаскесіндегі ысыраптар желінің аталған учаскесі теңгерімінде тұрған иеленушіге жатады.

Жылу шығындарын есептеуді немесе жылу шығындарын сынауды энергия беруші ұйым жүргізеді.

15. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілк және тұтынушының меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімділік тиесілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Жылу энергиясын есепке алатын аспаптардың сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімділік тиесілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Тұтынушы жылу тұтыну қондырғыларына қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есепке алатын аспап істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым көрсетілген кезеңдерге есепке алатын аспаптары жоқ Тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп айырысу жүргізеді, осы уақытта есепке алу қалпына келтірілуі тиіс.

Есепке алатын аспап тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан жағдайда Жеткізуші сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі тұтынушының

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жылу жеткізгішінің орташа тәуліктік шығысы бойынша жылу энергиясы үшін есеп айырысуды жүргізеді.

Коммерциялық есепке алатын аспаптар тексеруге алынған жағдайда тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемді тұтынушы сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, өткен кезеңдегі жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша жүргізеді.

Үйге ортақ есепке алатын аспаптың көрсеткіштері бойынша босатылған ыстық сумен жабдықтауға арналған жылу энергиясы мен жылу тасымалдаушының көлемі мен тұтынушыларды есепке алатын аспаптардың көрсеткіштері бойынша айқындалған жылу энергиясы мен жылу тасымалдағыштың көлемі арасындағы айырма болған жағдайда, оның көлемі белгіленген тәртіппен есептелетін айырма коэффициентін қолдана отырып, ыстық суды барлық тұтынушылар арасында бөлінеді.

Егер есепке алатын аспапты көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, есептеу тәртібі және есептеуді қалпына келтіру мерзімдері тараптардың жеке келісімімен белгіленуі тиіс.

Есепке алатын аспаптарды үшінші тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда сақтауға жауапты адам, Шартта өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімінде есепке алатын аспапты қалпына келтіруге міндетті. Есепке алатын аспаптарды қалпына келтіру сәтіне дейін Тұтынушы өзін жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

17. Тұтынушы құқылы:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді уәкілетті органның ведомствосы белгілеген тәртіппен тарифтер (бағалар, алым мөлшерлемелері) бойынша сатып алуға;

2) осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

3) жылу энергиясын осы Шарттың талаптарына сәйкес, теңгерімдік тиесілік шегінде қажетті көлемде алуға;

4) Шартта анықталған кәсіпкерлік мақсаттар үшін тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпарат алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдегі өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

7) Жеткізушіден жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуді талап етуге;

8) Жеткізушіден нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге қайта есеп айырысуды талап етуге;

9) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) жария тыңдауларға қатысуға;

11) Жеткізушіге хабардар еткен және өнім беруші ұсынған қызметтер көлемі бойынша толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

13) Жеткізушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Жеткізушіге жазбаша хабарлап біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

18. Тұтынушы міндетті:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізуші ұсынған жылу энергиясын жабдықтау жөніндегі қызметтерге уақтылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Жеткізушіге есепке алатын аспаптардың істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда есепке алатын аспаптар тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі (ыстық сумен жабдықтауды есепке алатын аспаптар үшін) кезінен бастап және тәуліктік статистиканың архивтік мәліметтері (жылу энергиясын есепке алатын аспаптар үшін) бойынша істен шықты деп есептеледі.

3) пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ Жеткізушіге апаттар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар туралы дереу хабарлауға;

4) жоспарлы жөндеулер, апаттық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну қондырғыларын пайдалануға қосқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Жеткізуші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге;

5) желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алатын аспаптарға және жылу тұтынатын қондырғыларға Жеткізуші өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзу кезінде (жылжымайтын мүлікті сату және т.б.) есеп айырысуларға салыстыру

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

жүргізу және Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтеріне қарызын өтеуге;

19. Жеткізуші құқылы:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген жылу энергиясын пайдалану қағидаларына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) сәйкес тұтынушылардың сақтауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген жылу энергиясын пайдалану қағидаларында (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізу және салыстырып тексеруді ұйымдастыруға;

3) осы Шарттың 7-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен шарттың орындалуын біржақты тәртіппен тоқтата тұруға;

4) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тарифтердің қолданылу кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс-әрекеттерді жасауға құқығы бар.

20. Жеткізуші міндетті:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар жасауға;

2) тұтынушымен жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсетуге шарт жасасуға;

3) жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтер үшін тұтынушылардан төлемдерді қабылдауды, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметті ұсынуға шарт жасасу кезінде тұтынушылардың құқықтарын бұзуға жол бермеуге;

5) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілігін бөлу шекарасында осы Шартта көрсетілген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

6) Тұтынушыға сапаға қойылатын талаптарға сәйкес, сондай-ақ Шарт талаптарында белгіленген тәртіппен және мерзімде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға;

7) жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу және жасалған шарттың талаптарына сәйкес сапасыз жылу энергиясын жеткізбеуден немесе жеткізуден келтірілген

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

нақты залалды өтеу, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясының сапасын есепке алу және бақылау жүргізу, жылу энергиясы сапасының бұзылуының алдын алу және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

9) Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендеуі туралы жазбаша өтініш берген не ауызша өтініш жасаған күнінен бастап күнтізбелік үш күннің ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есеп айырысу жүргізуге;

10) Осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жылу энергиясымен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

11) есепке алатын аспаптың істен шығуы Тұтынушының кінәсынан болмаған жағдайда, жылу энергиясының есебін өткен жылдың осындай кезеңі үшін Тұтынушының орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізуге;

12) Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шектік деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда уәкілетті орган белгілеген тәртіппен Тұтынушы үшін жылу энергиясының тарифтерін төмендетуге;

14) Үздіксіз циклдегі өндіріспен байланысты қызметті жүзеге асырған кезде, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасын сәйкес, Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз беруге;

15) тұтынушы өкілдерінің қатысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға, не энергия беруші ұйым өкілдерінің қатысуымен көрсеткіштерді алуды не есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қашықтықтан алуды қамтамасыз етуге міндетті.

6-тарау. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға орамішілік желілерді қайта жабдықтауға, Жеткізушінің келісімінсіз реттегіш және бекіткіш арматураны орнатуға, қосуға, энергетика саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген қауіпсіз пайдалану талаптарына және басқа да талаптарға жауап бермейтін жабдықтар мен қондырғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемаларын бұзуға, сондай-ақ жылыту жүйелеріндегі жылу жеткізгішті мақсаты бойынша пайдаланбауға жол берілмейді.

22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін немесе өзгеше жолмен Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларын бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

23. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

7-тарау. Есеп айырысу тәртібі

24. Тұтынушы Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді уәкілетті органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізеді.

25. Тұтынушы Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған нақты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алатын аспаптардың көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Есепке алатын аспаптар болмаған жағдайда Тұтынушы ақы төлеуді осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.

26. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемақы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (немесе тараптардың келісімі бойынша Жеткізушінің алдындағы Тұтынушының өзге міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Жеткізушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сома қайтарылады.

27. Егер коммерциялық есепке алатын аспаптар ақаулығының нәтижесінде және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда, Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

28. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Жеткізушінің ағымдағы шотына ақша аудару Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу бойынша Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

8-тарау. Дауларды шешу тәртібі

29. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалар талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті сапада беруді қалпына келтірудің уақыты (күні, сағаты) белгісі қойылып, Жеткізушінің диспетчерлік қызметі журналында белгіленуі қажет.

30. Жылу энергиясын берудегі үзіліс кезінде немесе тиісті сападағы жылу энергиясын бермеу кезінде Тұтынушы бұл туралы Жеткізушіні өзі (өтініммен) немесе міндетті түрде берілген уақыты, күні және беруші және қабылдаушы тұлғалардың тектері көрсетілген телефонограммамен хабардар етеді. Телефонограммада тауар сапасының нашарлай бастауының (болмауының) уақыты, нашарлау сипаты және Жеткізуші өкілінің болуының қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жеткізуші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі өтініш берген жағдайда өтінімнің көшірмесі болуы тиіс. Көшірмеде оның түсуін тіркеу сәтінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, Өтінім берушінің қабылдап алған өкілінің қолы қойылады. Жылумен жабдықтау тоқтаған жағдайда өтінім дереу, параметрлері нашарлаған жағдайда – ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірілмей беріледі.

Жеткізуші өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, Тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы журналдағы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда параметрлердің есептіден орташа тәуліктік ауытқуына сүйене отырып, тауар құнын қайта есептеуді оны нақты тұтынуына сәйкес жүргізеді.

31. Жеткізушінің тауарды бермеу немесе сапасы төмен тауар (жылу энергиясын) ұсыну фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда. Тұтынушы мыналар көрсетілген жазбаша өтініш жазуға құқылы:

тауарды беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталған уақыты;

тауар сапасы нашарлауының сипаты;

өтінім берудің уақыты және оны тіркеу нөмірі (Жеткізушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасының қалыпқа келуі);

тауардың болмаған (сапасының нашарлаған) кезеңі.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты адам, екі тәуелсіз куә қол қояды да, Жеткізушіге жіберіледі. Егер дау реттелмесе, Тұтынушы сотқа талап арыз беруге құқылы.

32. Желілік суда өз бетімен алған, тұтынушы өз бетімен жылуды тұтыну қондырғыларын қосылған, тұтынушының коммерциялық есепке алатын аспаптары бұзылған, есепке алу торабында орнатылған пломба бұзылған немесе ол болмаған жағдайларда энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым акті жасайды және Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес тұтынушы пайдаланған жылу энергиясының көлеміне қайта есеп айырысу жүргізіледі.

Ыстық су бойынша қайта есеп айырысу бір жылдан аспайтын кезеңге жүргізіледі, ал жылыту желілері үшін жылыту кезеңінің басынан осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген оқиға анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйымы өкілінің және тұтынушының немесе оның өкілінің қолдары болғанда жарамды болады. Акт тұтынушы не оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымның комиссиясы және (немесе) құрамы үш адамнан тұратын кондоминиумды басқару органы ресімдеген жағдайда жарамды болып табылады.

9-тарау. Тараптардың жауапкершіліктер

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

33. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

34. Шот бойынша ақы төлеу мерзімі келген сәтке ол бойынша төлем жасамағаны үшін Шарттың 29-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Тұтынушының төленбеген сомалары бойынша төлемді кешіктірген әрбір күні үшін Тұтынушының ақшалай міндеттемені нақты орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еседен аспайтын мөлшерде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше ескерілмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

35. Егер Жеткізуші үшін Тұтынушыға тауармен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті ұсынудың мүмкін еместігі Жеткізушімен Шарттық қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсынан болса, Жеткізуші Тұтынушының алдында жауапты болады.

36. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

37. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш жағдайларының салдарынан болса, жауапкершіліктен босатылады. Мұндай жағдайда Тараптардың бір де біреуінде келтірілген залалдың орнын толтыруға құқықтары болмайды. Кез келген Тараптың талабы бойынша осындай жағдайда өзара міндететмелерді орындауды айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы Шарт талаптарын орындамауға немесе тиісінше орындамауға әкеп соғатын еңсерілмейтін күш жағдайлары (дүлей зілзала немесе алдын алу мүмкін емес өзге де мән-жайлар), сондай-ақ әскери іс-қимылдар, ереуілдер және т.б. басталғанға дейін туындайтын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмес күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.38. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмес күш жағдайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

11-тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

39. Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шартты Тараптар жеке тәртіппен жасасады.

40. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе толық немесе Шарттың ережесіне қатысты әрекет бойынша туындаған қандай да бір даулар мен келіспеушіліктер жағдайында тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін толық баяндап қарсылығын басқа тарапқа жіберуге құқылы.
Тараптар барлық дауларды келіссөздер жүргізу арқылы реттеу үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс.

41. Келісімге келмеген жағдайда Шарт бойынша келіспеушіліктер сот тәртібімен шешіледі.

42. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

43. Шарт әр Тарап үшін бір данадан мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады.

44. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгі Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

12-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

45. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 386-бабы 2-тармаққа сәйкес Келісім-шарттың жарамдылығы 2023 жылдың «04»қаңтарынан бастап 2023 жылдың «31» желтоқсанына дейін туындаған Тараптардың құқықтық қатынастарына қолданылады.

46. Егер Тараптардың бірі бұл туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясының көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзім аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және шарттарда ұзартылған болып есептеледі.

13-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Жеткізуші:

«Тулпар» ЖШС

Алматы қ., Ауэзов ауданы,

Толе би к., 285/5, 7

БСН/ЖСН 991040001430

БСК IRTYKZKA

ЖСК KZ5596502F0011627217

«Forte Bank» АҚ Алматы қ.

Тел.: 87475569725

Директор _____Шабеков М.Н.

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

Тұтынушы:

Тұтынушы: «Панфилов ауданының құрылыс, сәулет, және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі
БЖН: 120140000979
Банк: Панфилов аудандық «Қазынашылық бөлімі»
БСК: KKMFRZ2A
ЖСК: KZ73070103KSM7007010
Мекен-жайы: ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі 131

Басшы_____ Д.Б.Ешенов
(мөрі, қолы, А.Ә.Т.)

Потребитель: ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства панфиловского района»
БИН: 120140000979
Банк: Казначейства Панфиловского района
БИК: KKMFRZ2A
ИИК:KZ73070103KSM7007010
Адрес: РК ,Область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент ул. Головацкого 131

Руководитель отдела _____ Д.Б.Ешенов

(печать,подпись, Ф.И.О.)

Потребитель: ГУ «Отдел строительства, архитектуры и градостроительства панфиловского района»
БИН: 120140000979
Банк: Казначейства Панфиловского района
БИК: KKMFRZ2A
ИИК:KZ946070103KSN0919000
Адрес: РК , Алматинская область, Панфиловский район, г.Жаркент ул. Головацкого 131

Начальник отдела _____ К.Абаев
(печать,подпись, Ф.И.О.)

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

2 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
"Панфилов ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
Область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент, НИКОЛАЯ НИКИТОВИЧА ГОЛОВАЦКОГО, 131
БСН 120140000979
БСК KKMFKZ2A
ЖСК KZ73070103KSM7007010
Банктің атауы "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ
Тел.: 5-09-49
Басшысы Ешенов Дидар Болатұлы

Өнім беруші:
"Тулпар" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
г.Алматы, ТОЛЕ БИ, 285/5, 7
БСН/ЖСН 991040001430
БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ5596502F0011627217
"ForteBank" АҚ
Тел.: 87475569725
Өнім берушінің директоры Шабеков Медет Нурбаевич

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

1-қосымша

Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:
Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-052-151 : Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу												
	"Панфилов ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу бойынша қызмет көрсетулер	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттелктерге жылы суды (жылу қуатын) тарату, бөлу бойынша қызметтер.	Ғимаратты жылыту үшін газды беру және тарату бойынша қызметтер	Бір қызмет	1	2 100 000.00	жыл бойы	жыл бойы	Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қ. ҚАЗАҚСТАН, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қ., (1)	0	2 100 000.00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

ДОГОВОР№120140000979/230005/00

на оказание услуг по снабжению тепловой энергией

область Жетісу №120140000979/230005/00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Приложение 1

Перечень закупаемых товаров(работ/услуг)

№ электронной закупки:
Наименование электронной закупки: Решение о проведении государственных закупок

№ лота	Наименование заказчика	Наименование	Краткая характеристика	Дополнительная характеристика	Единица измерения	Количество, объем	Цена за ед., включая НДС, тенге	Планируемый срок поставки	Срок поставки по договору	Места поставки	Размер авансового платежа, %	Общая сумма, включая НДС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
001-052-151 : Оплата коммунальных услуг												
	Государственное учреждение "Отдел строительства, архитектуры и градостроительства Панфиловского района"	Услуги по распределению горячей воды (тепловой энергии) на коммунально-бытовые нужды	Услуги по передаче, распределению горячей воды (тепловой энергии) на коммунально-бытовые нужды	Услуги по передаче и распределению газа для отопления здания	Одна услуга	1	2 100 000.00	в течении года	в течении года	область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент КАЗАХСТАН, область Жетісу, Панфиловский район, г.Жаркент, (1)	0	2 100 000.00

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.